

Бөлім тақырыбы:

Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде

Сабақ тақырыбы:

1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар

Оқу мақсаты:

8.3.1.7. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау;

8.1.2.1. қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

Бүгін сабақта:

- XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдайсыздар;
- 1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтайсыздар.

1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін

1937 жылы БК (б)П ОК-нің, В.И.Сталин мен оның айналасындағылардың «халық жаулары және олардың құйыршықтарын түп-тамырымен жоюдың» қажеттілігі жөніндегі нұсқауы барлық жерде қолдау тапты.



1937 жылдан басталып, 1938 жылдың соңына дейін Қазақстанда сталиндік жазалау саясаты қарқынды жүрді. Бұл тарихта «Үлкен террор» деген атпен қалды.

1936-1938
жылдары
Қазақстанда
25833 адам
партиядан
шығарылды.



Олардың 8544-іне
«халық жаулары»
немесе «халық
жауларының
сыбайластары»
және т.б айыптар
тағылды.

Танымал қазақ зиялылары, Алаш
қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын
сүргінге ұшырады. Олардың отбасы
мүшелері де жазықсыз қудалау көрді.

Соңғы зерттеулер бойынша:

1931 жылдан бастап 1954 жылдың
1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да

3 млн 777 мың адамды ату жазасына
соттап, оның 643 мыңына үкім
орындалған.

2 млн 369 мыңына 25 жылға дейінгі
мерзімге түрмелерге қамап
миллиондаған адамдарды лагерьлерге
айдаған.

Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің орнығуы.



1920 жылдары КСРО-да социалистік құрылыс мәселелері жөнінде терең идеялық – саяси күрес өріс алды.

Қазақстанда автономияның жариялануы сөз жүзінде қалып, республика өзін-өзі іс жүзінде толық басқаруға қол жеткізе алмады.

1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны бар-жоғы 6,3 % -ға ғана жетті.


Республиканың партия ұйымы толық қалыптасып, өлкедегі шешуші күшке айналды.



Алайда партия қатарына жалған белсенділер көбірек еніп, бюрократизм, жеке-басқа табынушылық, жалған ақпарат берушілік, жағымпаздық дәстүр мен партия өктемдігі орнықты.

“Ұлы бетбұрыс”

Халықтың есінде жаппай саяси қуғын-сүргінде ешбір жазықсыз миллиондаған адамдардың өмірін әкеткен сталинизмнің «ұлы бетбұрыс» кезеңі мәңгі бақи есімізде қалды.



И.В.Сталин

Кеңес елінде социалистік қатынастар қалыптасып, сталиндік авторитарлық- тотаритарлық жүйе толық орнықты. И. В.Сталин

Тоталитарлық жүйе



Тоталитарлық жүйе- қоғам өмірінің барлық саласы мемлекеттің бақылауында болып, адам бостандықтары мен конституциялық құқықтары жойылған билік жүйесі.

Тоталитарлық жүйенің міндеттері:

Тек бір партия билік жүргізді.

Басқару қатаң түрде бір орталықтан жүргізіледі.

Бір идеология ғана жарияланады.

Ұлтты жойып жіберу саясаты.

Еркін пікір айтуға тыйм салынады.

Диктаторлық жеке билік Тоталитарлық тәртіп

Көрініс беру түрлері:

Экономиканың
шикізаттық
бағытта
қалыптасуы.

Ассимиляциялық
саясат. Шынайы
егемендіктің
болмауы.

Концлагерьлер
құру. Жаппай
қуғын-сүргін
жүргізу. 3,5 млн
адамның азап
шегуі.

Саяси қуғын-сүргін:

Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайреткерлерді тұтқындалудан басталды. Оларға «буржуазиялық-ұлтшыл» деген айып тағылды.

Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды.



Ұлт қайреткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. айыптады.

Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады.

1928 жыл

«Саяси қуғын–сүргін кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты... осы кезеңде тұтқындалған 44 алашордашылардың үшеуі Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин, Дінше Әділов ату жазасына кесіліп, үкім орындалды.



Ал қалғандары әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды. Олардың кейбіреулері (Міржақып Дулатов т.б) лагерьлерде қаза тапты, қалғандары (Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев т.б) жазасын өтегенімен, «Алашорданың» қызметіне араласқаны үшін қайта айыпталып атылды.

Алаш зиялылары



Дінше Әділов



Әбдірахман Байділдин



Ахмет Байтұрсынұлы



Жүсіпбек Аймауытов



Мағжан Жұмабаев



Міржәқып Дулатов

1930 жыл

Ұлт зиялылары өкілдерінің құрамында Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Жақып Ақбаев бар бір тобы (40-тай адам) 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалды.



Көп ұзамай олардың 15-і (Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов,) Ресейдің орталық қара топырақты облысына жер аударылды. Олардың барлығы дерлік 1930 жылдары қуғын-сүргінге ұшырады.

1-тапсырма

Оқиғаларды сәйкестендір.

Оқиғалар	1928 жылы кімдер ату жазасына кесілді.	Лагерьлерде кімдер қаза тапты.	Кімдер қайта айыпталып ату жазасына кесілді.
Дінше Әділов., Жүсіпбек Аймауытов., Әбдірахман Байділдин.			
Міржақып Дулатов			
Ахмет Байтұрсынұлы., Мағжан Жұмабаев.			

Қорытынды

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдадыңыз;

Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнығуы туралы білдіңіз.



«Халық жауларының тағдыры»

«Халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының мәжілістерінде, «екілік» пен «үштік» атанғандар мен НКВД-ның ерекше кеңестерінде құпия жағдайда шешіліп жатты.



1930 жылдардың ортасында көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері «халық жаулары» ретінде тұтқындалды.

Л.Мирзоян, Ұ.
Құлымбетов, Н.Нұрмақов,
Т.Рысқұлов, О.Жандосов,
Т.Жүргенов, О.Исаев, С.
Қожанова, С.Меңдешев.



Мемлекет қайраткерлері

1920-1940 жылдар

1920-1940 жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіннің айнымас серігі-мемлекет органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды.



Бұл кезең қолданылған қылмыстық жазалардың ерекше қаталдығымен сипатталды.

Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипатта алып, оған заңдық негізбен жариялылық түр берген кеңес заңдарының нормалары нұсқауларымен бүркеленді

Репрессияға ұшырағандарға тағылған айып түрлері.



Қазақстандықтарға көбінесе жапон, кейде герман тыңшылары «мойындауды» ешқандай дәлелдеусіз жүзеге асырылды.

Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап ату жазасына кесу,

құқығынан айыру,

мемлекеттен қуу,

дүние-мүліктерін тәркілеу,

қатаң оқшалау,

еркінен айыру.

Лагерьлер жүйесінің құрылуы

Сталиндік басшылық
Қазақстан аумағын елдің
басқа аудандарынан
ондаған мың шаруаларды
«кулақтық жер аудару»
аймағы ретінде
қарастырылды.

Республикаға Одақтың
әртүрлі аудандарынан
46091 отбасы немесе
180015 адам жер
аударылды.

Осылайша, елде алып лагерьлер
жүйесі-ГУЛАГ құрылды.



Қазақстан лагерьлері арқылы КСРО республикаларынан 2 млн-ға жуық тұтқындар өтті.

Орталығы Долинка ауылы болған “КАРЛАГ” ең үлкен лагерь болып саналады.




Алғашқы бұл жерде «26-нүкте» деп аталатын орын болған. Соның негізінде 1938 жылы НКВД –ның Ақмола арнайы бөліміне (Қарағанды лагеріне) қарасты «Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері» пайда болды.

СТЕПЛАГ «халық жауларына» арналған ерекше лагерь. 1940 жылы Кеңгір өзенінің жағасында бұрынғы пионер лагерінің орнына КСРО ішкі істер халық комиссариатының ірі лагерь «Жезқазған лаері және КСРО НКВД ГУЛАГ ның комбинаты» құрылды. 1947 жылы №4 Ерекше лагерь немесе СТЕПЛАГ деп аталады.

Қарағандының еңбекпен түзеу лагері 1931 жылы 19 желтоқсанда ұйымдастырылған, лагердің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жердегі Долинка селосында орналасқан

КАРЛАГ-та
тұтқындардың еңбегі
егіншілік кәсібінде
кеңінен
пайдаланылды.
Тұтқындардың бір
бөлігі әйнек, қант, май
зауыттары мен
жылыжайларда және
т.б жерлерде жұмыс
жасады. Бір мезгілде
74 мың тұтқын
ұсталды.



Долинканың аймағы жан жақты темір
торлармен қоршалып, оған кіру арнаулы
рұқсаттама арқылы жүргізілді. Лагердің іші
тағы да екі аймаққа бөлінген және әрбір
бұрышқа күзет мұнарасы қойылған.

КАРЛАГ-та түрлі қылмыстар үшін жазалаулар болды, тіпті ату жазасы да бар еді. Кейбіреулері аурудан, аштықтан, ауыр жұмыстан қаза тапты.



Қарағанды еңбекпен түзету лагерінде «халық жауларының» балалары жаза мерзімін өтеді. Олардың көбісі қатал қамауда ұстау жағдайларынан аман қалған жоқ. Жалаңаш және жалаң аяқ балалар жіңішке қамыстан жасалған төсеніштерде ұйықтаған.

1-тапсырма

1937-1938 жж репрессияға
ұшырағандарға тағылған
айып түрлерін анықтаңыз.



2-тапсырма

Репрессияның жүргізілуіне қатысы жоқ факторларды табыңыз.

Реформалардың іске аспауы.

Мемлекетке қарсы топтың күшеюі.

Тоталитарлық мемлекетке тән құрылым орнату.

И.В. Сталиннің жеке билікке ұмтылысы.

Демократиялық мемлекетті орнатудың алғашқы қадамы.

Бір партиялық режім қалыптастыру.

Елдегі кінәлі адамдарды іздеу.

Әлеуметтік-саяси күштердің билікке таласуы.

Қорытынды:

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдадыңыз;

1930 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтадыңыз.



Ақмола түбіндегі әйелдердің АЛЖИР лагері

Қарағанды еңбекпен түзету лагері негізінде отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері (АЛЖИР) құрылды.



1937 жылы желтоқсанда ҚАРЛАГ Ақмола арнайы бөлімшесі ашылды. 1936 жылы барақтардың құрылысы басталып, балалардың колониясы құрыла бастады. 1937 жылдың тамызында жасөспірімдер басқа жерлерге көшірілді.

Отаның сатқандардың отбасы мүшелерін қабылдауға дайындық жүргізіле бастады.

1939 жылдың 29 желтоқсанда лагерь
КАРЛАГ-тың 17-ші ақмолалық бөлімшесі
болып өзгертілді.



Кейбір ресми деректерге
сүйенсек, осы кезден бастап ол
ИТЛ «Р-17» деп аталынды. «Р»
деніміз – Одақ бойынша
КАРЛАГ-тың шифры еді, ал
«17» саны КАРЛАГ тың өз
ішіндегі реттік саны.

Отаның сатқандар әйелдерінің ақмолалық лагері қазіргі Нұр-Сұлтан жанында орналасқан. Бұл жерде бүкіл одақ бойынша осы ойдан шығарылған айыппен тұтқындалған әйелдер ұсталды. Негізінен олар КСРО мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері, шешелері, қыздары еді.



Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары , жақын туыстары жапа шекті . Онда маршал М.Н.Тухачевскийдің қарындасы, С. Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Б. Майлиннің әйелі Күнжамал Т. Рысқұловтың әйелі Күлөндам С. Мендешовтың әйелі Рәзия Т. Жүргеновтың әйелі Дәмеш С. Асфендияровтың әйелі Рабиға, көптеген қазақ азаматтарының әйелдері , аяулы аналар « жазасын өтеді».



**Үйлері мөрленіп жабылды, кейінірек кеңес
жұмысшыларына берілді.**

Лагерьлерде аяғы ауыр, сәбилері бар әйелдер де отырды. Лагерге анасымен түскен сәбилер 2- 3 жасқа жеткен соң аналарынан айырылып алынып , балалар үйлерінің «тәрбиесіне» берілді



1938 жылдан 1953 жылға дейінгі аралықта АЛЖИР арқылы 20 мыңға жуық тұтқын өтті. Нақты тұтқындардың саны осы күнге дейін толық анықталған жоқ.

Алжир тұтқындары егін екті , мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты. Сонымен қатар тігін тікті



Ғайнижамал Ғайсинаның тігін машинасы

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері мен балаларының жағдайы.

Қуғын-сүргінге ұшыраған отбасы мүшелері амалсыздан тектерін өзгертті.



Алайда ол жердегі жағдайда мәз емес еді. Осы уақыт аралығында Омбы облысында мыңға жуық кандастарымыз қуғын-сүргінге ұшыраған.



Балалары көпшіліктің көзінше өз күйеулері мен әкелерінен бас тартты. Мысалы: Сейітов Асылбектің аяғы ауыр әйелі Нафия Шорманов қызымен Омбы облысындағы туысқандарына қашуға мәжбүр болды

Қуғын-сүргінге ұшырағандар
балаларының кейбірі жетімдер үйіне
өткізілді. Олар барлық жерде өз
қатарластары тарапынан әжуа мен
қорлауға ұшырады. Техникум мен ЖОО
—да оқу қиынға түсті.



Оларды оқуға қабылмады,
қабылдаса да бірден оқудан
шығарылды.

«Халық жауының» балалары
комсомол мен партия қатарына
қабылданбады. Сондықтан да олар
өз тектерін жасырып басқа
облыстарға, тіпті республикаларға
көшіп кетті.



Қуғын-сүргінге ұшыраған
отбасы мүшесі деген желеумен
Екінші дүниежүзілік соғыс
жылдары майдангерлерге Кеңес
Одағының Батыры атағы мен
медальдары және ордендері,
басқа да шендер берілмеді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үрдісі басталды. Ал 80-жылдардың соңына қарай алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерін ақтау науқаны басталды. 1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Саяси жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заң шықты





Кенес өкіметінің Қазақстандағы саяси қуғын –сүргін құрбандарының саны, ғалымдардың есептері бойынша 3,5 млн адамды құрады. Алайда бұл сан нақты емес, өйткені 20-40 жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

1-тапсырма

Сөйлемдегі бос орындарды қажетті сөздермен толтыр

Бастапқыда, КОКП ОК Саяси ----- отырысында «-----» деп таңбаланған құжат қабылданды, ІКХ на «Отанын сатқандардың, оңшыл-троцкийшілдер, тыңшы-диверсанттар ұйымдары мүшелерінің ----- лагерьде 5-8 жылдан аса тұтқында ұстауға ұсыныс жасалынды». Бұл лагерьлерді орналастыру орны ----- өлкесі мен Қазақстанның ----- даласы болып белгіленді.

Керекті сөздер: Торғай, ерекше құпия, әйелдерін, Нарым, бюросының

Қорытынды

- XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын туралы анықтадық;
- Ақмола түбіндегі әйелдер лагері туралы білдік .